

12013  
42278к

С. М. Рахметов, М. Қ. Уатбекова

**ЖЕКЕ ТҰЛҒАҒА  
ҚАТЫСТЫ  
ҚЫЛМЫСТАРДЫҢ  
САРАЛАНУЫ**



Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі  
Заң шығару институты

С. М. Рахметов, М. Қ. Уатбекова

**ЖЕКЕ ТҰЛҒАҒА  
ҚАТЫСТЫ  
ҚЫЛМЫСТАРДЫҢ  
САРАЛАНУЫ**

Алматы · «Издательство «Норма-К» · 2012

~~УДК 343~~  
~~ББК 67.408~~

**Пікірсапаршы:**

заң ғылымдарының докторы, профессор Балтабаев К. Ж.  
заң ғылымдарының докторы, профессор Нуртаев Р. Т.

**Рахметов С. М., Уатбекова М. Қ.**

**Р-24 Жеке тұлғаға қатысты қылмыстардың саралануы.** – Алматы:  
«Издательство «Норма-К» ЖШС, 2012. – 140 б.

ISBN 978-601-7263-07-2

Бұл жұмыс жеке тұлғаға қатысты қылмыстарды қылмыстық-құқықтық саралау мәселелеріне арналған. Адам өлтіру, зорлау сияқты қылмыстарды саралаудың даулы сұрақтары қарастылады, жеке тұлғаларға қарсы қылмыстар үшін жауапкершілік туралы ҚР ҚК нормаларын дұрыс қолдану ұсыныстары берілген.

Оқу құралы заң мамандығы оқытушыларына және оқу орындарында білім алушыларына арналған. Бұл оқулық тәжірибеші практиктерге де пайдалы.

УДК 343  
ББК 67.408

© Рахметов С. М., Уатбекова М. Қ., 2012  
© «Издательство «Норма-К» ЖШС, 2012

ISBN 978-601-7263-07-2

**Мазмұны**

1. Қылмыстарды саралаудың жалпы мәселері .....	5
2. Жеке тұлғаға қарсы қылмыстардың түсінігі және түрлері .....	15
3. Өмірге қарсы қылмыстарды саралау .....	16
А) Адам өлтіруді ҚК 96-бабы 1-тармағы бойынша саралау .....	16
Б) Адам өлтіруді ҚК 96-бабының 2-бөлігі бойынша саралау .....	20
В) Адам өлтірудің дәрежеленген түрлерін саралау .....	40
Г) Адам өлтіруге жатпайтын өмірге қол сұғушылықты саралау .....	49
4. Адамның денсаулығына қарсы қылмыстарды саралау .....	53
5. Адам өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін қылмыстарды саралау .....	68
6. Адамның жыныстық бостандығы мен жыныстық қол сұғылмаушылығына қарсы өзге қылмыстарды саралау ...	80
А) Зорлауды саралау .....	81
Б) Адамның жыныстық бостандығы мен жыныстық қол сұғылмаушылығына қарсы өзге қылмыстарды саралау .....	118
7. Адамның жеке бас бостандығына қарсы қылмыстарды саралау .....	124
8. Адамның ар-намысына және адамгершілігіне қарсы қылмыстарды саралау .....	134

## 1. Қылмыстарды саралаудың жалпы мәселері

Қылмыстарды саралау – қылмыстық заңнаманы қолданудың маңызды кезеңі. Қылмыстық-құқықтың жеке нормаларының болу фактісінің өзінде қылмыстың алдын алудың мәні бар, яғни оң сипат алады. Қылмыс жасаған тұлғаларға қатысты қылмыстық-құқықтық нормаларды қолдану қылмыстың алдын алуда маңызы зор.

Қылмыстарды саралау түсінігінің мәнін ашу үшін оның этимологиялық талдауына мән беру қажет. Орта ғасырдағы латын тілінде *qualis* – «қандай, қандай сапалы» және *facere* – «жасау» деген көне латын сөздерінен шыққан *qualification* термині болған<sup>1</sup>. Осылайша, жалпы түрдегі саралау – заттың, құбылыстың сипаттамасы, оны белгілі бір топқа не санатқа жатқызу. Саралау сапалы белгілері бойынша белгілі қылмыс түріне қатысты адамның кәсіби дайындығының деңгейін де сипаттауы мүмкін.

Теория мен тәжірибедегі маңызды орын алатын бұл түсініктің қылмыстық құқық ғылымында көптеген анықтамалары бар. Бір авторлар қылмысты саралаудың мәнін жасалған әрекет пен қылмыстық-құқықтық нормаларында қарастырылған нақты қылмыс құрамының белгілерінің дәлмәдел сәйкестігі деп анықтайды<sup>2</sup>. Өзге авторлар жасалған әрекет пен қылмыс құрамыны белгілерінің теңбе-теңдігі туралы айтса<sup>3</sup>, ал үшінші авторлар – ұқсастығы туралы айтады<sup>4</sup>. «Теңбе-теңдік» түсінігін қолдануды жақтаушылар өз көзқарасын логикалық сәйкестікті көрсету үшін логика осы терминді қолданатындығымен негіздейді. «Сәйкестік» түсінігі нақты ғылымдармен тығыз байланысты, табиғаты жағынан ол заттар мен құбылыстардың ұқсастығын емес, өзара байланысын көрсетеді.

Түсіндірмедегі көрсетілген өзгерістер түбегейлі емес. Қылмысты саралауың мәні ұқсас үлгімен анықталады.

«Қылмысты саралау» түсінігін анықтағанда өзге де түсіндірмелер бар. Бір авторлар саралауда жасалған әрекет белгілері (фактілі жағдай) мен қылмыстық құқықтың ерекше бөліміндегі нақты баптың арасындағы сәйкестікті белгілеу деп түсінеді. Өзге авторлар дәл қылмыстық-құқықтық нормада жасалған белгілердің сәйкестігін айтады. Осы жерден, екінші

<sup>1</sup> Современный словарь иностранных слов. М., 1992. 273 б.

<sup>2</sup> Кудрявцев В. Н. Общая теория квалификации преступления. М., 1972. 7–8 б.

<sup>3</sup> Наумов А. В., Новиченко А. С. Законы логики при квалификации преступлений. М., 1978. 10–11 б.

<sup>4</sup> Сонда. 10–11 б.

көзқарас шындыққа сәйкес деп ойлауға болады. Нақты қылмыс құрамының белгілерін сипаттайтын қылмыстық құқық нормасы қылмыстық құқықтың ерекше бөлімінің ғана емес, сонымен қатар жалпы бөлім баптарында да бар (мысалы, ҚР ҚК 15, 16, 20–22, 24, 29 баптары, есі дұрыстық, қылмыстық жауаптылық жасы, кінә формалары мен түрлері)<sup>1</sup>.

Саралаудың классикалық анықтамасын В. Н. Кудрявцев берген. *Қылмысты саралау дегеніміз – жасалған әрекет белгілері мен қылмыстық құқықтық нормада қарастырылған қылмыс құрамы белгілері арасындағы сәйкестікті белгілеу және заңды бекіту*<sup>2</sup>.

Қылмысты саралағанда қылмыстық заңнаманың Ерекше бөлімінің (қажет болғанда Жалпы бөлімінің) нақты нормаларын және нақты қылмыс түрін көрсету қажет, мұнымен қоса Ерекше бөлімнің нақты бабының бөлігі мен тармағын көрсету керек. Бір не екі қылмыс жасалды ма, сонымен қатар қылмыс жасауға оқталу, дайындалу не аяқталған қылмыс туралы сұрақтарды талқылау қажет (ҚК 24, 25 баптары). Көрсетілген барлық сұрақтарды шешкен соң ғана қылмыс сараланды деп айтуға болады.

Жоғарыда көрсетілгендей, қылмыстық құқық теориясында «қылмысты саралау» термині екі мағынада қолданылады: 1) белгілі логикалық процесс не қызметті анықтау үшін; 2) қылмыстық іс жүргізу құжатындағы (тергеуші қаулысы, соттың кінәлау қорытындысы, үкімі, қаулысы, т.б.) қоғамға қауіпті әрекеттің қорытынды бағасын, нәтижесін шығару үшін. «Қылмысты саралау» терминінің екі мағынасы да бір-бірімен тығыз байланыста. Сол себепті түсіндірмеде екі аспектінің бірлігіне – әрекетті жүргізілуі мен нәтижесіне назар аударылған.

Қылмысты саралаудың субъектісін анықтай отыра, оны мемлекетпен уәкілділік берілген тұлғалар жүзеге асыратынын айта кету керек. Дәлірек айтқанда, оларға анықтау және алдын ала тергеуді (ведомстволық бағыныстылығына қарамастан) жүргізетін тұлғалар, қылмыстық іс жүргізуге қатысатын прокуратура, барлық кезеңдегі (бірінші сатыдан бастап апелляциялық, кассациялық және қадағалаушы саты бойынша қылмыстық істерді қарайтын) судьялар жатады. Тізімдегі субъектілердің қылмысты саралау нәтижесі олар құрастыратын қылмыстық іс жүргізу актілерінде бекітіледі және белілі құқықтық салдарды туғызады: қылмыстық істі қозғаудың, айып тағудың, айыптау үкімін шығарудың, апелляциялық, кассациялық және қадағалау сатыларындағы соттың ұйғарымы және т.б. алғышарты болып табылады. Осылайша, лауазымды адамдардың қылмысты саралауы қылмыстық іс жүргізудің барлық сатыларында жүзеге асады. Қылмысты саралаудың дәл осы түрі ресми болып табылады.

Қылмысты саралаудың бейресми (немесе доктриналды) түрі де бар. Соңғысын нақты қылмыстық істі жүргізуге мемлекет уәкілдік берілмеген тұлға жүргізеді. Мысалы, ғылыми және оқу әдебиеттерінде ғылыми жұмысшылардың, адвокаттардың, студенттердің казусты бағалауы, т.с.с.

<sup>1</sup> Ары қарай – ҚК.

<sup>2</sup> Кудрявцев В. Н. Общая теория квалификации преступлений. М., 1999.



Қылмысты саралау процесін шартты түрде үш кезеңге бөлуге болады. Бастапқысына істің барлық фактілі жағдайлары белгілі болып, бірақ жасалған әрекетті қалай бағалауға болатындығы белгісіз болған жағдайды айтуға болады. Мұндай жағдай алдын ала тергеудің алғашқы сатысында тергеуші мен анықтаушы үшін үйреншікті. Ереже бойынша, алдын ала тергеудің басында істің нақты мән-жайларының басым бөлігі белгісіз, яғни нені бағалау керектігі түсініксіз. Тергеуші өзінде бар деректер негізінде алдын ала бағалау жасалғаннан кейін тергеу әрекеттері нәтижесінде дәлелдемелер табу керек. Алдын ала тергеу процесінде саралау жиі ауысып тұрады, жасалған әрекет сияқты қылмыстық-құқықтық бағалануы нақтыланады.

Келесі сатыда барлық мүмкін болатын қолда бар нақты материалды саралауға мүмкіндік беретін қылмыс құрамын анықтау орын алады.

Бұл сатыда қылмыстық-құқықтық нормалардың көлемі тарылады. Мысалы, қасақана ниетпен адам өлтірсе, бұл қасақана қаза келтіру нормасы (ҚК 96-баптың 1-бөлігі), соның ішінде дәрежеленген белгісі (ҚК 96-баптың 2-бөлігі); сот төрелігін немесе алдын ала тергеуді жүзеге асырушы адамның өміріне қол сұғу (ҚК 340-бабы); Мемлекет немесе қоғам қайраткерінің өміріне қастандық жасау (ҚК 233-бабының 4-бөлігі) және т.б. болуы мүмкін.

Саралаудың осы сатысында норманың (нормалардың) түпнұсқалығы, оның ресми мәнін бекітіледі. Нормалардың уақыт пен кеңістік шегіндегі әрекетіне ерекше назар аударған жөн.

Келесі сатыда екі не одан да көп қылмыс құрамын құрайтын сабақтас құрам топтарын анықтау болады. Содан кейін белгілері жасалған әрекетке тәлікті сәйкес келетін сабақтас қылмыс құрамы топтарынан таңдау жасалады. Осы сатыда таңдалған нормада сипатталған қылмыс құрамы белгілері бар әрекеттің нақты мән-жайды салыстыру жүргізіледі. Жалпы ереже бойынша, бірінші қылмыстың объектісін және объективтік жағын сипаттайтын жағдайлар мен белгілер, содан соң – қылмыстың субъектісін және субъективтік жағын сипаттайтын жағдайлар мен белгілер салыстырылады.

Саралау процесі қылмыс емес не (жағдайлар мен белгілер ұқсас болғанда) қылмыс деп мойындаумен аяқталады. Бұл жағдайда саралау нәтижесі құқық қолдану актісінде көрініс алады: егер қылмыс жасады деген тұлғада қылмыс құрамының барлық белгілері болса, онда бұл тұлға қылмыс жасаған және қылмыстық жауаптылыққа тартылады. Қылмыстық іс жүргізу құжатында қылмыстық заңнаманың Ерекше бөлімінің тек бабы ғана емес, сонымен қатар баптың бөлігі мен тармағы (егер болса), ал Жалпы бөлім ережесі пайдаланылғанда Жалпы бөлім бабы көрсетілуі тиіс.

Қылмысты саралау мәнін айта отыра, ол жасалған әрекеттің қылмыстық жауаптылықты (және жазаны) жүзеге асыратын құқықтық бағасы туралы айта кеткен жөн. Жасалған әрекетті дұрыс саралау – қылмыстық құқықты қолданудың, оны жүзеге асырудың, пәрменділігінің маңызды бөлігі. Жасалған әрекетті дұрыс саралау елдегі қылмыстық саясаттың жүзеге асуында да маңызы бар. Бірінші кезекте, құқық қолдану, сонымен қатар заң шығармашылығы саласындағы қылмыстық саясат туралы мәселе болып отыр. Жасалған әрекеттің дұрыс саралануынан қылмыстық істің дұрыс жүру ерекшелігі де байланысты. Нақтырақ айтқанда, тергеуде болу

және соттылық, іс жүргізу мәжбүрлеу шараларын қолдану мүмкіндігі (мысалы, бұлтартпау шараларын таңдау, мүлкіне тыйым салу).

Саралаудың осы сатысында норманың (нормалардың) түпнұсқалығы, оның ресми мәтіні бекітіледі. Нормалардың уақыт пен кеңістік шегіндегі әрекетіне ерекше назар аударған жөн.

Келесі сатыда не одан да көп қылмыс құрамын құрайтын сабақтас құрам топтарын анықтау болады. Содан кейін белгілері жасалған әрекетке толықтай сәйкес келетін сабақтас қылмыс құрамы топтарынан таңдау жасалады. Осы сатыда таңдалған нормада сипатталған қылмыс құрамы белгілері бар әрекеттің нақты мән-жайды салғастыру жүргізіледі. Жалпы ереже бойынша, бірінші қылмыстың объектісін және объективтік жағын сипаттайтын жағдайлар мен белгілер, содан соң – қылмыстың субъектісін және субъективтік жағын сипаттайтын жағдайлар мен белгілер салғастырылады.

Саралау процесі қылмыс емес не (жағдайлар мен белгілер ұқсас болғанда) қылмыс деп мойындаумен аяқталады. Бұл жағдайда саралау нәтижесі құқық қолдану актісінде көрініс алады: егер қылмыс жасады деген тұлғада қылмыс құрамының барлық белгілері болса, онда бұл тұлға қылмыс жасаған және қылмыстық жауаптылыққа тартылады. Қылмыстық іс жүргізу құжатында қылмыстық заңнаманың Ерекше бөлімінің тек бабы ғана емес, сонымен қатар баптың бөлігі мен тармағын (егер болса), ал Жалпы бөлім ережесі пайдаланылғанда Жалпы бөлім бабы көрсетілуі тиіс.

Қылмысты саралау мәнін айта отыра, ол жасалған әрекеттің қылмыстық жауаптылықты (және жазаны) жүзеге асыратын құқықтық бағасы туралы айта кеткен жөн. Жасалған әрекетті дұрыс саралау – қылмыстық құқықты қолданудың, оны жүзеге асырудың, пәрменділігінің маңызды бөлігі. Жасалған әрекетті дұрыс саралау елдегі қылмыстық саясаттың жүзеге асуында да маңызы бар. Бірінші кезекте, құқық қолдану, сонымен қатар заң шығармашылығы саласындағы қылмыстық саясат туралы мәселе болып отыр. Жасалған әрекеттің дұрыс саралануынан қылмыстық істің дұрыс жүру ерекшелігі де байланысты. Нақтырақ айтқанда, тергеуде болу және соттылық, іс жүргізу мәжбүрлеу шараларын қолдану мүмкіндігі (мысалы, бұлтартпау шараларын таңдау, мүлкіне тыйым салу).

Қылмысты саралау қылмыстық саясат басымдылығын анықтағанда маңызды орын алатын елдегі қылмыстылық статистикасынан көрініс алады.

ҚК 3-бабына сәйкес, қылмыстық жауаптылық негізі қылмыстық заңнамада қарастырылған қылмыс құрамының барлық белгілері бар әрекетті жасау. Тұлғаны қылмыстық жауаптылыққа тарту үшін дәл қандай қылмысы үшін жауапқа тартылатындығын білу керек. Қылмыс құрамы түрлерінен, оның құрылымынан сараланатын қылмыстың ерекшелігі тығыз байланыста екенін ұмытпау керек. Қылмыс құрамын объективті жақтың құрылымының ерекшелігіне байланысты материалды, формальды және келте деп бөлудің қылмысты саралау үшін үлкен маңызы бар. Нақтырақ айтқанда қылмыстың аяқталу уақытын анықтау үшін: материалды қылмыс құрамы қылмыс салдары пайда болғаннан кейін ғана аяқталған деп есептеледі, ал формальды құрамды қылмыстар әрекет жасалғаннан бастап аяқталған деп есептеледі.



Қылмысты дұрыс саралау үшін қылмыс құрамының мазмұнын – саралаудың заңды негізін дұрыс анықтау керек. Сонымен қатар, Ерекше бөлім бабының диспозициясында қылмыс құрамының барлық белгілері көрсетілмейтінін ескерген жөн. Субъект белгілері: Қылмыстық кодекстің Жалпы бөлімінің баптарында қылмыс құрамына қатысты қолданылатын қылмыскердің жасы, есі дұрыстық, кінә нысандарының мазмұны сипатталған. Қылмысқа қатысуды және қылмыстық әрекетті алдын ала саралағанда ҚК 24 және 29 баптарына, яғни қылмыстық заңнаманың Жалпы бөліміне сілтеме жасау керек.

Қылмыс құрамының мазмұнын анықтағанда қылмыс құрылымына назар аудару қажет, қылмыс құрамының барлық белгілері мен элементтерін қалпына келтіру керек. Мұнымен қоса, түсіндірудің түрлерін (логикалық, грамматикалық, жүйелік, тарихи) пайдалана отыра қылмыстық заңнаманың Жалпы және Ерекше бөлімінің ережелерінің нақты мағынасы ашылуы керек. Аралас қылмыс құрамынан қарастырылып отырған қылмыс құрамының айырмашылығына көңіл аудару қажет. Түсініксіз не күмән келтіргенде заңнаманы ресми талқылауға (ҚК баптарына ескерту), нақты істердің шешімі бойынша сот талқылауына, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нақты істер санаттарына байланысты қаулыларына жүгіну қажет.

Дұрыс саралау үшін Қылмыстық кодексте көптеп кездесетін *ұқсас қылмыс құрамдарын ажырата білу* аса маңызды. Қылмыстарды ажыратуды бір қылмысты екінші қылмыстан айыратын қылмыс құрамы белгілерін анықтау және бекіту арқылы анықтауға болады. Бұл ерекше белгілерді білу Қылмыстық кодекстің бірнеше баптарының ішінен қылмыс құрамының ұқсас белгілерін сипаттайтын біреуін таңдау жасауға тура келетіндіктен қылмысты саралағанда қате жіберуден аулақ болуға мүмкіндік береді.

Қылмыстық құқық теориясында ұқсас қылмыс құрамын ажырату ережелері бекітілген<sup>1</sup>. Қылмыстарды ажырату ережелерін дұрыс түсіну үшін сабақтас қылмыс құрамы түсінігінің анықтамасына жүгіну керек.

Қылмыс құрамының ортақ белгілерінің болу өлшеміне байланысты келесі жағдайлар анықталды.

1. Қылмыс құрамдарының қылмыс субъектісі белгілерінен (жасы және есі дұрыстық) басқа ортақ бірде бір белгі жоқ, мысалы, өзін-өзі өлтіруге дейін жеткізу (ҚК 102-бабы) және бұзақылық (ҚК 257-бабы).

Әдетте мұндай қылмыс құрамдарын саралау процесі қиындық туғызбайды.

2. Қылмыс құрамдарының ортақ белгілері бар, алайда олардың саны болмашы ғана. Мысалы, адам өлтіру (ҚК 96-бабы) және зорлаудың (ҚК 120-бабы) жалпы тектік белгісі – тұлға, сонымен қатар кінә, жауаптылыққа тартылатын жасқа толуы, есі дұрыстық сияқты ортақ қылмыс құрамдары бар. Алайда қарастырылып отырған қылмыстар елеулі белгілермен ажыратылады (тікелей объект, әрекеттің сипатындағы айырмашылық, қыл-

<sup>1</sup> Кудрявцев В. Н. Общая теория квалификации преступлений. М., 1972;

Куринов Б. А. Научные основы квалификации преступлений. М., 1976.

мыс құрамының түрлері – біріншісі материалдық, екіншісі формальды құрам, жәбірленуші арасындағы айырмашылық – бірінші құрам бойынша кез келген тұлға жәбірленуші болуы мүмкін, екінші құрамда тек әйел жынысындағы тұлғалар болса, бірінші құрам бойынша тікелей орындаушы кез келген жыныстағы тұлға болса, екіншіде – тек ер жынысындағы тұлға болады).

Тәжірибеде құқық қолданушылардың мұндай қылмыс құрамдарын ажыратуы жиі кездеседі, бірақта біршама қиындықтар туғызады.

3. Шектеуші деп аталатын бір не бірнешедең басқа қылмыс құрамының көптеген белгілерінің сәйкес келеді. Қарастырылып отырған қылмыс құрамы сабақтас деп аталады. Мысалы, жала жабу (ҚК 129-бабы) және қорлау (ҚК 130-бабы). Қылмыстық кодекстің бұл баптарында кінәлінің әрекеті шектеуші болып табылады.

Қылмыстық заңнамада сабақтас қылмыс құрамының саны өте елеулі. Барлық дәрежеленген, ерекше дәрежеленген және басымдық берілген қылмыс құрамы негізгі қылмыс құрамынан бір белгі бойынша ерекшеленеді (сәйкесінше сараланған, ерекше сараланған және басымдық берілген), яғни мағынасы бойынша сабақтас болып келеді.

Дәл сабақтас қылмыс құрамын шектеу құқық қорғау органдарының және соттардың тәжірибелік қызметінде ең үлкен қиындық туғызатыны сөзсіз. Әсіресе, шекаралық белгі нақты болмағанда не қылмыс құрамының бағалаушы белгісі болған жағдайда көптеген қиындықтар туады.

Жасалған әрекетті дұрыс саралауға көптеген маңызды құқықтық салдар тәуелді:

- қылмысты жасағандығында тұлғаны кінәлі деп тану;
- тұлғаны қылмыстық жауаптылықтан не жазадан босату мүмкіндігі не мүмкін еместігі;
- кінәліге жаза тағайындау (нақтырақ айтқанда – жаза түрі мен көлемі);
- тұлға бас бостандығынан айырылған жағдайда жазасын өтейтін түзеу мекемесі түрін таңдау және сотталған адамның құқықтары мен бостандықтарын шектеу көлемі;
- кінәліге рақымшылық жасау мүмкіндігі мен шарттары.

Жасалған әрекетті дұрыс саралау елдегі қылмыстылықтың серпіні мен жағдайын, заңнама, сонымен қатар құқық қолдану саласындағы қылмыстық саясатты анықтауға әсер етеді.

Сонымен, қылмысты саралау – құқық қолдану қызметіндегі маңызды кезең, күрделі шығармашылық процесс.

Қылмыстарды дұрыс саралауда *қылмыстық-құқықтық нормалардың бәсекелестігіне* байланысты сурақтарды дұрыс шешу айтарлықтай маңызды.

Қылмыстық-құқықтық нормалардың бәсекелестігін тұлға жасаған бір қылмыстық әрекет қылмыстық заңнаманың бір уақытта екі немесе одан да көп нормаларымен қарастырылған белгілерді қамтитын жағдай ретінде анықтайды. Осылайша, сол не басқа норма бойынша қылмысты саралап, кінәлі тұлғаны жауаптылыққа тартуға мүмкіндік болады.

Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасында қылмысты бірдей сипаттайтын екі норманың жоқтығын айта кеткен жөн. Кез келген қылмыс

құрамы кем дегенде бір, көбінесе бірнеше белгімен ажыратылады. Сондықтан, бәсекелес нормалар бір әрекетті әр түрлі сипаттайды, бірақ бұл сипаттамалар ішінара сәйкес келеді. Мұндай сәйкестіктің дәрежесінен шығатыны – *бәсекелестіктің үш түрі* бар: 1) жалпы және арнаулы нормалар бәсекесі; 2) арнаулы нормалар бәсекесі; 3) бөлшек және бүтін бәсекесі.

Аталған бәсекелердің түріне толық тоқталмас бұрын, нормалардың бәсекесін қылмыстардың жиынтығымен, соның ішінді идеалды жиынтықпен қылмыстың бірнеше мәрте жасалуымен еш уақытта араластыруға болмайды.

Қылмыстардың идеалды жиынтығы субъект бір әрекетпен екі (одан да көп) әрекет жасағанда орын алады. Жасалған әрекет заңның екі нормасы бойынша сараланады; нормалардың біреуін таңдауға қажеттілік жоқ. Мысалы, адамды өлтіру ниетімен кінәлі сол адам болған үйді өртейді. Жасалған әрекет ҚК екі нормасы бойынша сараланды: ҚК 96-бабы (Адам өлтіру) және ҚК 187-бабы (Бөтен адамның мүлкін қасақана жою немесе бүлдіру).

ҚК 11-бабының 1-бөлігіне сәйкес, қылмыстың бірнеше мәрте жасалуында қылмыстық заңның бір бабында не баптын бөлігінде қарастырылған екі не одан да көп қылмыс жасалады. Осылайша, қылмыстың бірнеше мәрте жасалуы әр қайсысы ҚК 120-бабының 1-бөлігі бойынша сараланатын бірінен соң бірі жасалған зорлау әрекетінде болады. Келтірілген жағдайда әр түрлі нормалар арасында таңдау жасауға қажеттілік жоқ. Екеуі де бірнеше мәрте жасалған зорлау ретінде бір норма (ҚК 120-бабының 2-бөлігінің «г» тармағы) бойынша бағаланып тұр.

Нормалардың бәсекесін нормалардың коллизиясымен шатастырмаған жөн. Коллизия – заңдағы бір сұрақты шешудегі бастапқы қайшылығы. Коллизияны тек заң шығарушы ғана жоя алады. Бәсеке айтарлықтай жиі болады және құқық қолданушының қылмысты саралау процесіндегі маңызды міндеттерінің бірі – бәсеке сұрақтарын дұрыс шешу.

Қылмыстық құқықты ғылым және тәжірибенің қолданылуы нәтижесінде ҚК нормаларының бәсекесі жағдайында қылмысты саралауда кейбір ұсыныстар әзірленді. Солардың кейбірлеріне тоқтап өтейік.

ҚК *жалпы және арнаулы нормаларының бәсекесі*. Жалпы және арнаулы нормалардың бәсекесінің барлық түрлері кезінде келесі классикалық ереже әрекет етеді: *lex specialis derogat legi generali* (арнаулы заң жалпы заңның күшін жоққа шығарады). Берілген ереже әрекет ететін заңнамада тікелей бекітілген (ҚК 12-бабы 3-бөлігі): егер қылмыс жалпы және арнаулы нормалардың белгілеріне сәйкес келсе, қылмыстардың жиынтығы болмайды және қылмыстық жауаптылық арнаулы норманы қамтитын бабы бойынша туындайды.

Жалпы норма жасалған әрекетті бүтіндей сипаттайды, мысалы, қызметтік өкілеттігін теріс пайдалану (ҚК 307-бабы). Қызметтік өкілеттігін теріс пайдалану пара алуға (ҚК 311-бабы) немесе қызметтік жалғандық жасауда (ҚК 314-бабы) байқалады. Пара алу лауазымдық күзиреттілік нысандырының бірі болуына қарамастан, заң шығарушы бұл нысанды жеке санкциямен жеке норма қылып бөліп қойды.

Жалпы және арнаулы нормалардың бәсекесінің кең тараған түрінің бірі бір қылмыс түрінің жалпы және дәрежеленген (басымдық берілген) құрамының бәсекесі болып табылады. Дәрежеленген (соның ішінде ерекше

дәрежеленген) және басымдық берілген қылмыс құрамы негізгі қылмыс құрамына қатысты арнайы болып табылады. Сондықтан, негізгі және дәрежеленген қылмыс құрамы белгілері бар әрекет негізгі қылмыс құрамымен емес, дәрежеленген қылмыс құрамы нормасымен бағалануы тиіс. Мысалы, қажетті қорғаныс шегінен асып кету жағдайында жасалған ҚК 96-бабының 1-бөлігі «а» тармағын құрайтын екі немесе одан да көп тұлғаларды өлтіргенде ҚК 99-бабы қолданылады.

*Арнаулы нормалардың бөсекесінің келесі түрлері бар.*

1. Дәрежеленген және ерекше дәрежеленген ұқсас белгілерін қарастыратын баптардың бірнеше тармақтарының бөсекесі. Мысалы, бір әрекеттің әр түрлі салдарына қатысты: жәбірленушіге денсаулыққа орташа ауырлықтағы зиян келтіру, ауыр зиян келтіру немесе оның өліміне әкеп соғу. Бұл жағдайда, неғұрлым ауыр белгісі бар тармақ қолданылады. Мұнда, үкімнің сипаттау бөлімінде әрекеттің барлық дәрежеленген белгісі көрсетілуі тиіс.

Аталған ереже заң шығарушы қылмыстың бір түрінің құрамының диспозициясы мен санкциясын құрастыра отыра дәрежеленген жағдайда және ерекше дәрежеленген жасау мүмкіндігіне негізделеді. Заң шығарушы баптардың 3-бөліктерінде ерекше дәрежеленетін құрамдарды тегін көрсеткен жоқ: белгілі ерекше дәрежеленген жағдайларда жасалса, аталған баптың бірінші және екінші бөліктерінде көрсетілген әрекеттер (мысалы, ҚК 125-бабының 3-бөлігі).

Егер әрекет ҚК Ерекше бөлімінің белгілі бабының ұқсас болып табылмайтын екінші және үшінші бөлік белгілерін қамтыса, саралау ҚК осы бабының әр түрлі бөліктері бойынша жүргізіледі. Мысалы, жәбірленушінің денсаулығына ауыр салдар келтірген медицина және фармацевтика қызметкерлерінің кәсіптік міндеттерін лауазымды тұлға тиісінше орындамауы кезінде қылмысты идеалды жиынтық ережесі бойынша саралайды: ҚК 114-бабы 3-бөлігінің 2-тармағы. Мұндай қорытынды ҚК берілген бабындағы 2 және 3 бөліктерінде қарастырылған дәрежеленген белгілер әр түрлілігінен шығады, 2-бөлікте әрекеттің салдарына қатысты болса, 3-бөлікте арнаулы субъект белгісіне қатысты. Кінәлінің әрекеті егер 2-бөліктің (жәбірленушінің денсаулығына ауыр зиян келтіру) және 4-бөліктің (адам өліміне әкеп соқса) белгілері болса, бұл белгілер ұқсас болғандықтан өзгеше саралануы тиіс (ҚК 114-бабының 4-бөлігімен ғана).

Қарастырылып отырған жағдайда идеалды жиынтық туралы айтылып отыр. Нақты жиынтықта әр әрекет сәйкес бап (бап бөлігі не тармағы) бойынша бағалануы тиіс. Сот тәжірибесінде осы көзқарасты ұстанады. Осылайша, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 1999 жылдың 30 сәуіріндегі № 1 «Қылмыстық жаза тағайындау кезінде судьяладың заңдылықты сақтауы туралы» нормативтік қаулысының 17-тармағында «ҚК бір бабының әр түрлі бөліктерінде көрсетілген дәрежеленген белгісі бар бір қылмыс жасағанда, әрекетті барлық дәрежеленген белгілерді көрсете отыра, баптың бір бөлігі бойынша неғұрлым қатаң жаза бойынша саралау керек. Осындай тәртіпте Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлімінің бір бөлігі бойынша ҚК 11-бабының 5-бөлігінде қарастырылған қылмыстың әлдене не рет жасалуымен саралануы керек» делінген.

Айқын көрініп тұрғандай, жауаптылықты қатаңдататын барлық белгілердегі үкімдегі сілтеме біріншіден, толық көлемде қылмыстың қоғамдық қауіптігін ескеруге мүмкіндік береді және екіншіден, айыптаудан белгілердің бірін алып тастасак, қосымша тергеу әрекеттерін жасауға қажеттілік болмайды. Соңғысы алдыңғысын нақтылағанда барлық дәрежеленген белгілерге сілтеме жасау артық болады және қылмыстық дамуының логикалық тізбесінің келесі сағысы болып табылады (мысалы, алдын ала сөз байласу бойынша адамдар тобымен; ұйымдасқан топпен қылмыс жасау). Бұл жағдайда үкімде соңғы жұп белгілерді көрсетсе болғаны.

Әдебиеттерде және жетекші сот тәжірибесінде бұл маңызды мәселеде себепші болатыны – құқық қолданушы органдардың жиі шатасуы. Жиі дұрыс бағалағанның өзінде аса ауыр дәрежеленген құрам бойынша үкімде барлық дәрежеленген құрам көрсетілмейді. Жасалған әрекет қылмыстың жиынтығы ретінде бағаланатын жағдайлар жиі кездеседі.

Егер заң шығарушы аталған саралаушы ережені тікелей ҚК 12-бабының 3-бөлігінен қараса, осыған ұқсас қателер тәуекелі елеулі түрде азаяр еді.

2. Бірінде – дәрежеленген, екіншісінде басымдық берілген белгілер болғандағы қылмыстық заңнаманың Ерекше бөлімінің баптардың (бөліктердің, тармақтардың) бәсекелестігі. Бәсекелестіктің бұл түрінде артықшылықты басымдық берілген қылмыс құрамы бар норма алады.

Көптеген себептерге байланысты бұған жасалған әрекеттің қоғамдық қауіптігінің дәрежесінің шұғыл төмендеуі бұл шешімге негіз болады. Басымдық берілген белгі сараланған жағдайдың болуы салдарынан қоғамдық қауіптіліктің жоғарылауын біркелкілейді. Мысалы, адамдар тобымен (ҚК 96-бабының 2-бөлігінің «ж» тармағы) екі немесе одан да көп адамды өлтіру (ҚК 96-бабының 2-бөлігінің «а» тармағы), бірақ қылмыс жасаған адамды ұстау үшін қажетті шаралардың шегінен шығу кезінде жасалған кісі өлтіру (ҚК 100-бабы). Көрініп тұрғандай, қылмыскерді ұстау үшін қоғам үшін пайдалы әрекет жасаса да қажетті шаралардың шегінен шығу арқылы кісі өлтіріліп тұр. Бұл жағдайда бірнеше қылмыскерлерге қатысты адамдар тобымен (мысалы, милиция қызметкерлерімен) жасалған қылмыс жауапкершілікті қатаңдататын жағдай ретінде бағаланбайды. Жан күйзелісі жағдайында болғанда (ҚК 98-бабы) көптеген адамдардың өміріне қауіпті тәсілмен жасалған кісі өлтіру (ҚК 96-бабының 2-бөлігінің «г» тармағы) де осыған ұқсас бағаланады. Жасалған әрекеттің субъективтік жағының ерекшелігі кісі өлтіру тәсілінің қоғамдық қауіптілігін бейтараптандырады.

3. Басымдық берілген құрамның түрлерін құрайтын баптардың (бап бөліктерінің, тармақтарының) бәсекелестігі. Бұл жағдайда жауапкершілікті неғұрлым төмендететін белгісі бар норма басымдылыққа ие болады.

Бәсекелестіктің бұл түрі өмір мен денсаулыққа қарсы қылмыстар бойынша істерде ғана болады. Бұл артықшылық берілген қылмыс құрамының қолданылып жүрген заңнамадағы аз таралуымен негізделеді.

Мысалы, мұндай жағдай жан күйзелісі жағдайы белгілері болғанда (ҚК 98-бабы, 1-бөлігі) және бір уақытта қажетті қорғаныс шегінен шығу кезінде жасалған кісі өлтіру (ҚК 99-бабы) жағдайында пайда болады. Бұл жағдайда жасалған әрекет қажетті қорғаныс шегінен шығу кезінде жасал-

ған кісі өлтірудің жазасы жан күйзелісі жағдайындағы кісі өлтіруге қарағанда қатанырақ болғандықтан, ҚК 99-бабы бойынша сараланады.

Қылмыстық-құқықтық әдебиеттерде де осыған ұқсас шешім ұсынылған<sup>1</sup>.

*Бөлшек және бүтіннің бәсекесі* жасалған әрекет толықтығы әр түрлі деңгейдегі әр түрлі қылмыстық-құқықтық нормалармен сипатталатын жағдайды сипаттайды. Мысалы, абайсызда жәбірленушінің денсаулығына ауыр зиян келтірген зорлау әрекеті (ҚК 120-бап, 3-бөлігі, «б» тармағы) және денсаулыққа абайсызда зиян келтіру (ҚК 111-бап, 1-бөлігі).

Бүтіннің және бөліктің бәсекелестігі мәселесі шешудің жалпы ережесі: жасалған әрекеттің неғұрлым барлық белгілерін қамтитын норма қолданылады. Жоғарыда келтірілген мысалда ҚК 120-бап, 3-бөлігі, «б» тармағы.

Бір құрам бойынша бағаланған бір қылмыс шегінде неғұрлым соңғы жасалған қылмыс сатысы бастапқы сатыларды жұтып қояды (дайындалу және оқталу). Бөлшек ретінде кісі өлтіруге дайындалу мен оқталуды келтіруге (ҚК 24-бабының 1 және 3 тармақтары және ҚК 96-баптың 1-тармағы), ал бүтінге – кісі өлтірудің аяқталуын келтіруге болады (ҚК 96-баптың 1-тармағы).

Егер де бір қылмыс ауырлығы неғұрлым төмен аяқталған қылмыс және неғұрлым ауыр қылмысқа оқталумен әр түрлі құрам бойынша бағаланса, неғұрлым ауыр қылмысқа оқталумен жасалған әрекеттің саралануын соғұрлым толық деп мойындау керек. Мысалы, кінәлі зорлауға оқталған кезде жәбірленушінің денсаулығына ауырлығы орташа зиян келтірді. Жасалған әрекетті денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіру деп емес, зорлауға оқталғандық (ҚК 24-баптың 3-бөлігі және 120-баптың 1-бөлігі) деп бағалау керек.

Қылмыстың дәрежеленген (ерекше дәрежеленген) құрамында дәрежеленген белгінің өзі жиі жеке қылмысты құрайды. Мысалы, зорлау кезінде абайсызда жәбірленушінің өлуіне әкеп соқса (ҚК 120-бабының 3-бөлігі, «а» тармағы) өз бетінше ҚК 101-бабының 1-бөлігі бойынша саралануы мүмкін. Бұзақылық ниетпен жасалған кісі өлтіру (ҚК 96-бабының 2-бөлігінің «и» тармағы) теориялық тұрғыдан екі жеке қылмыстан тұрады, бірақ тек бір бап бойынша ҚК 257-бабына сілтеме жасалмай, ҚК 96-бабының 2-бөлігінің «и» тармағы бойынша сараланды.

Қарастырылып отырған жағдайда бүтіндей қарастыруға болатын неғұрлым толықтығымен жасалған дәрежеленген (ерекше дәрежеленген) қылмыс құрамын қамтып отыр. Бүтін мен бөлшектің бұл бәсекесіндегі жасалған әрекетті неғұрлым толық қамтамасыз ететін екі норманың жиынтығы бойынша сараланған әрекет бөлік ретінде ұсынылады. Жалпы ереже бойынша, жасалған әрекет жалпы норма, яғни сипатталып отырған қылмыстың дәрежеленген құрамының нормасы бойынша сараланады.

Алайда, жәбірленушінің өліміне әкеп соқтырған қарақшылық әрекет толықтай ҚК 179-бабымен қамтылмайды және пайда табу мақсатымен немесе қарақшылықпен жасалған кісі өлтіру (ҚК 96-баптың 2-бөлігі, «з» тармағы) жиынтығы бойынша сараланады. Мұндай шешім әдебиетте және Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2007 жылдың 11 мамырын-

<sup>1</sup> Бородин С. В. Ответственность за убийство: квалификация и наказание по российскому праву. М., 1994. 16–17 б.

дағы № 1 «Адам өмірі мен денсаулығына қарсы кейбір қылмыстарды саралау туралы» нормативтік қаулысының 14-тармағында ұсынылған.

## 2. Жеке тұлғаға қарсы қылмыстардың түсінігі және түрлері

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде «Жеке адамға қарсы қылмыстар» ҚК Ерекше бөлімі басталатын бірінші тарау болып табылды. Мұнымен қылмыстық заңнамамен қорғалатын объектілердің ішінен бұл объектінің маңыздылығы көрсетіледі.

Жеке адамдарға қарсы қылмыстар деп адамның өмірі мен денсаулығына, жеке бас, жыныстық бостандығына, жыныстық қолсұғылмаушылығына, сонымен қатар ар-намысына және адамгершілігіне қарсы қоғамдық қауіпті әрекеттерді атайды. Бұл қылмыстарды жасағанның нәтижесінде аталған объектілерге елеулі түрде зиян келеді немесе зиян келтіру қаупі төнеді.

Кез келген қылмыстың объектісі қоғамдық қатынастар екені белгілі. Бұл қатынастардың субъектісі – адамдар, сол себепті кең мағынада алғанда кез келген қылмыс адамдарға зиян келтіріп немесе зиян келтіру қаупін туғызып олардың белгілі мүдделерін бұзады. Сонымен қатар, адамның өзі қоғамдық қауіпті қол сұғушылықтың объектісі болып табылатын бірқатар қылмыстар тобы анықталды. Бұл қылмыстарды жасаған үшін жауапкершілік ҚК Ерекше бөлімінің 1-тарауында көрсетілген.

Бұл қол сұғушылықтың тектік объектісі – тұлға, ал негізгі тікелей объектілері – өмір, денсаулық, жыныстық бостандық және жыныстық қолсұғылмаушылық, ар-намысы мен адамгершілігі сияқты тұлғаның игіліктері болады. Тікелей объектілері бойынша бұл тарауды келесідей топтарға бөлуге болады:

Өмірге қарсы қылмыстар (ҚК 96–102 баптары);

Денсаулыққа қарсы қылмыстар (ҚК 103–111 баптары);

Адамның өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін қылмыстар (ҚК 112–119 баптары);

Адамның жыныстық бостандығы мен жыныстық қолсұғылмаушылығына қарсы қылмыстар (ҚК 120–124 баптары);

Адамның ар-намысы мен адамгершілігіне қарсы қылмыстар (ҚК 125–130 баптары);

Қазақстан Республикасы Конституциясының 1-бабында ең қымбат қазына – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары деп көрсетілген. Адамның негізгі құқықтары мен бостандықтары өркімге тумысынан жазылған, олар абсолютті деп танылады, олардың ешкім айыра алмайды. Оларға Конституцияның келесі нормалары жатады: адамның өмір сүруге (15-бап), жеке басының бостандығына (16-бап), оның қадір-қасиетіне қол-сұғылмауға (17-бап) құқығы.

Осыған орай, Қазақстан Республикасының Конституциясына және халықаралық құқықтың жалпы қағидалары мен нормаларына негізделген Қылмыстық кодекстің маңызды міндеттерінің бірі – адамды, оның заңды мүдделері мен құқықтарын қорғау.



### 3. Өмірге қарсы қылмыстарды саралау

Қазақстан Республикасының қолданыстағы қылмыстық заңы бойынша, өмірге қарсы қылмыстарға кісі өлтіру (ҚК 96-бабы); жаңа туған сәбиді анасының өлтіруі (ҚК 97-бабы); жан күйзелісі жағдайында болған адам өлтіру (ҚК 98-бабы); қажетті қорғаныс шегінен шығу кезінде жасалған кісі өлтіру (ҚК 99-бабы); қылмыс жасаған адамды ұстау үшін қажетті шаралардың шегінен шығу кезінде жасалған кісі өлтіру (ҚК 100-бабы); абайсызда кісі өлтіру (ҚК 101-бабы); өзін-өзі өлтіруге дейін жеткізу (ҚК 102-бабы) жатады. Соңғы екеуін қоспағанда жоғарыда тізілген қылмыстардың барлығы адам өлтіруге жатады. Абайсызда кісі өлтіру және өзін-өзі өлтіруге дейін жеткізу адам өлтіруге қатысты емес денсалыққа қарсы өзге қылмыстарға жатады.

#### А) Адам өлтіруді ҚК 96-бабы 1-тармағы бойынша саралау

Кісі өлтіру – жеке тұлғаға қатысты жасалған ең ауыр қылмыс. ҚК 96-бабының 1-бөлігі бойынша, кісі өлтіру – құқыққа қарсы қасақана қаза келтіру. Адам өмірі әркімге тумысынан жазылған, табиғаттан берілген жердегі маңызды әлеуметтік құндылық және одан ешкім өз бетінше айыра алмайды. Алайда, ҚР Конституциясы тек өмірге ғана құқықты емес, сонымен қатар аса ауыр қылмыстарға рақымшылық ету туралы өтініш жасау құқығымен өлім жазасы сияқты айрықша шараны анықтайды.

Кісі өлтірудің *объектісі* азаматтығына, ұлтына, нәсіліне, шығу тегі мен жасына, әлеуметтік жағдайына, қызметіне, денсаулық жағдайына, біліміне, ақылына, т.б. қарамастан адам өмірі болып табылады. Қылмыстық заңнама кісі өлтіруді басқа адамның еркінен тыс оған құқыққа қарсы қасақана қаза келтіру деп қана емес, жәбірленушінің еркімен жасалған әрекетті (эвтаназия) де солай қарастырады. Жәбірленушіні шатастыру адам өлтіргені үшін жауапкершілікке әсер етпейді.

Өмірге қол сұғылғандығық я сұғылмағандық мәселесін анықтау үшін оның алғашқы және соңғы кезеңдерін анықтау керек. Қылмыстық-құқықтық тұрғыдан алғанда өмір адам туып, әлі өлмеген аралықты атайды. Медицинада өмірдің басталуын ер адамның жыныстық жасушасының әйел адамның аналық жасуша ұрықтанғаннан бастап, яғни ұрықталу сәтінемен байланыстырады. Бірақ қылмыстық құқық ғылымында адам өмірінің басталуы физиологиялық туу басталғаннан бастап есептеледі. Медициналық айғақсыз физиологиялық туу басталмастан баланың ұрығын қасақана өлтіру криминалды түсік болып есептеледі.

Қылмыстық құқықта адамның өлу кезеңі биологиялық өлім болған кезден бастап, яғни бас ми қабығының жасушаларының қайтарылымсыз ыдырау процесінің нәтижесінде мидың қызметінің толық тоқтатылуы есептеледі. Биологиялық өлімнен басқа жүрек жұмысының тоқтатылуымен сипатталатын «клиникалық өлім» түсінігі бар. Қазіргі медицинаның дамығаны сонша, бір адамның жүрегін екінші адамға ауыстырып салуды айтпағанда, жүрек тоқтаған соң неше сағаттан кейін оның жұмысын қалпына келтіруге болады. Мұндай жағдайда өмірді реанимациялық шаралар арқылы қалпы-

на келтіруге болады. Бас миының қабығы жүрек тоқтағаннан кейін 4-7 минуттан кейін өледі және адамды аман алып қалуға болмайды.

Тұлғаға кейін жүрек жұмысын қалпына келтірген клиникалық өлім келтіру адам өлтіруге оқталғандық деп сараланады. Өлімді өз кезегінде клиникалық өлім жағдайында жатқан адам өміріне қол сұғушылық деп мойындауға болады.

Кісі өлтіру – өзге адамды өмірінен айыру. Өзін-өзі өлтіру немесе өзін-өзі өлтіруге оқталу қылмыс болып саналмайды.

Тірі адам деп қателесіп өлген адамға қоғамға қауіпті қол сұғу адам өлтіруге оқталғандық деп қарастырылады (фактілі қателік).

Адам өлтіру бірден, кінәлі қылмыстық әрекетті жасағаннан кейін немесе біршама уақыт аралығынан кейін өлгендігіне қарамастан жәбірленуші өлген сәттен бастап аяқталған деп есептеледі.

*Кісі өлтірудің объективтік жағы.*

Кісі өлтіру әрекет немесе әрекетсіздік арқылы жасалуы мүмкін. Адамды өмірінен айыру құрбанға физикалық (ұрып-соғу, қылқындыру, уландыру, жардан, пәтердің қылғимасынан итеріп жіберу, т.б.), сонымен қатар психикалық (қорқыту, шошыту, жалған ақпарат) әсер ету арқылы жасалуы мүмкін. Көп жағдайда тұлға белсенді әрекет жасайды: пышақпен соққы жасайды, суық немесе атыс қаруын қолданады. Алайда, кісі өлтіру әрекетсіздік арқылы да жасалуы мүмкін. Әрекетсіздік арқылы кісі өлтіру кінәлі тұлға жәбірленушіні күтуге міндетті болған жағдайда және ол өлімнің алдын алуға белгілі шаралар жасауға тиіс болғанда орын алады. Әрекетсіздік арқылы адам өлтіргені үшін жауапкершілік объективтік және субъективтік салдар болғанда ғана пайда болады: өмірді заңмен, кәсібімен, шартпен қорғауға міндет жүктелгенде және тұлғада өлімнің алдын алуға нағыз мүмкіндік болғанда туындайды. Мысалы, медицина қызметкері ауруды өлтіру мақсатында оған көмек көрсетпеу. Әрекет ету міндеттілігі туыстық қарым-қатынастан да шығуы мүмкін (мысалы, анасының жаңа туған сәбиін тамақтандырмауы).

Кісі өлтірудің әдісі әр түрлі: атыс жасау, әр түрлі сипаттағы заттармен соққы жасау, у беру, суық үй-жайда қамап қою, итті айтақтау, улы жыландарды пайдалану, т.б. Кісі өлтіргендегі кейбір әдістер дәрежеленген белгілер ретінде қарастырылады. Мысалы, аса қатыгездікпен жасалған кісі өлтіру (ҚК 96-бабының 2-бөлігінің «д» тармағы); көптеген адамдардың өміріне қауіпті тәсілмен жасалған кісі өлтіру (ҚК 96-бабының 2-бөлігінің «е» тармағы).

Өз өмірін сақтап қалу үшін өзгенің өміріне зиян келтіруді заңды бағалау даулы мәселе болып отыр. Тәжірибеде субъект өзін-өзі қорғау түйсігімен өзге тұлғаға зиян келтіретін жағдайлар кездеседі. Заң әдебиеті беттерінде өз өмірін сақтап қалу мақсатында екінші жағынада әріптесі болған арқанды кесіп жіберген альпинисттің әрекетін саралау мәселесі бірнеше рет талқыланды. М. Д. Шаргородскийдің ойынша, мұндай әрекеттер жазалануы тиіс және тұлға жалпы негізде жауап беруі керек: «Екінші жағынада әріптесі болған арқанды кесіп жіберген альпинист жауапты және бұл жерде екеуі де өлу не болмаса біреуі тірі қалу деген дилемма тұр»<sup>1</sup>. Осыған ұқсас көзқара-

<sup>1</sup> Шаргородский М. Д. Указ. соч. 243 б.

сты М. И. Якубович, Н. Н. Паше-Озерский, Н. А. Овезов және бірқатар отандық криминалистер айтты. Алайда, кейбір авторлар қарама-қайшы көзқарасты ұстанады. Дәлірек айтқанда, Ю. В. Баулин жағдайды қарай отыра: «Екінші жағынада әріптесі болған арқанды кесіп жіберген альпинисттің әрекеті заңды. Бұл жағдайда келтірілген зиян қауіптіліктің сипатына жауап беріп отыр – бір адамның өлімі екі адамның өлім қаупін алып отыр»<sup>1</sup>.

Өз өмірін сақтап қалу мақсатында кісі өлтіру әрекеті моральға жат, бірақ жазаланбайтын әрекет ретінде қаралуы керек. «Қажеттілік» жағдайында адам өлтіруді құқықтық бағалау адамның қайғылы дамымағаныны себепші болады. Мұндай әрекеттердің жазаланбайтындығы адамгершілік нормалары заңды нормалармен ұқсамайтындығымен және мемлекеттің қатардағы азаматтардан парызды орындағанда өзінің өліміне әкеп соғатын моральды парыздың орындалуын талап етпегендігімен түсіндіріледі. А. Ф. Кистяковский «өзінің өмірін жоғалту қаупінен қорыққан адамның әрекетімен жасалатындықтан», мұндай әрекеттер қылмыстық жазаланбайды<sup>2</sup>. Ю. В. Баулиннің альпинисттің әрекеті адамгершілік қауіп төндірсе де, жазалаусыз қалдыруды негіздейтін көзқарасын дұрыс деп тану керек. Себебі бұл жағдайда бір адамның өлімі екі адамның өлімінің алдын алып отыр. Мұнымен қоса, екі адамның өміріне тікелей төндіретін қатерді басқа амалдармен жою мүмкін болмаса және бұл орайда аса қажеттілік шегінен шығып кетушілікке жол берілмесе, ҚК 34-бабына сілтеме жасауға болады.

Қоғамдық қауіпті салдар – жәбірленушінің өлімі кісі өлтірудің объективті жағының міндетті белгісі болып табылады. Адам өлтірудің барлық түрі жәбірленушінің өмірінен айырумен сипатталады (материалды құрам). Өлім болмаса, бұл қылмыс аяқталған болып есептелмейді.

Адам өлтірудің объективті жағының міндетті белгісі – кінәлінің жасаған әрекеті мен жәбірленушінің өлімі арасындағы себепті байланыстың болуы. Қылмыстық нәтиже – кінәлінің кездейсоқ емес, міндетті әрекетінің салдары.

Адам өлтіру – басқа адамға құқыққа қарсы қасақана қаза келтіру. Егер басқа адамды өмірінен айыру заңды сипат алса, ол адам өлтіру ретінде қарастырылмайды. Бұған өлім жазасы кезінде сотталған адамды өлтіру; қажетті қорғану жағдайында қол сұғушы адамды өлтіру (ҚК 32-бабы), қылмыскерді ұстаған кезде адамды өлтіру (ҚК 33-бабы) мысал бола алады.

*Субъективтік жағы.* Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2007 жылдың 11 мамырындағы № 1 «Адам өмірі мен денсаулығына қарсы кейбір қылмыстарды саралау туралы» нормативтік қаулысының 1-тармағында жеке тұлғаларға қарсы қылмыстарды саралағанда және өділ жаза тағайындағанда қылмыстық заңнаманың дұрыс қолданылуын қамтамасыз ету үшін кінә нысанын, ниетін, уәжі мен мақсатын, әдісін, қылмыс жасалған жағдай мен кезеңін, пайда болған салдардың ауырлығын анықтау керек деп жазылған. Адам өлтіру кінәні қасақана ниетімен сипатталады. Тұлға

<sup>1</sup> Баулин Ю. В. Обстоятельства, исключющие преступность деяния. Харьков, 1991. 320 б.

<sup>2</sup> Кистяковский А. Ф. Элементарный учебник Общего уголовного права. М., 1882. 401 б.

адам өлтіруге ниеттенгенде өз әрекеті салдарынан өзге адамды өлтіретінін түсінеді, бұл салдарды алдын ала көрсе және тілесе, тікелей ниет, ал егер өлімге саналы түрде жол берсе немесе бұл салдардың болуына немқұрайлылықпен қараса, ол жанама ниет болады. Абайсызда өзге тұлғаны өлтіру (ҚК 101-бабы) кісі өлтіру болып саналмайды.

Кісі өлтірудің субъективтік жағын сипаттауда мақсат пен ниет сияқты белгілер де үлкен орын алады. Адам өлтірудегі кінәлінің уәжі мен мақсаты әр түрлі болуы мүмкін және жасалған әрекетті саралағанда ауырлатын мән-жайлар ретінде қарастырылады (кек алу мақсатымен, пайдакүнемдік ниетпен адам өлтіру).

ҚК 96-бабында қарастырылған адам өлтірудің *субъектісі* есі дұрыс, 14 жасқа толған жеке тұлға. Өмірге қарсы жасалған басқа қылмыстар үшін жауапкершілік 16 жастан басталады (ҚК 15-бабының 1-бөлігі).

Қолданыстағы қылмыстық заңнама бойынша, адам өлтірудің құрамын үшке бөлу қылыптасқан: негізгі құрам (жай адам өлтіру) – ҚК 96-бабының 1-бөлігі; ауырлатын мән-жайдағы адам өлтірудің құрамы (адам өлтірудің дәрежеленген белгілері) – ҚК 96-бабының 2-бөлігі; жеңілдететін мән-жайдағы адам өлтірудің құрамы (адам өлтірудің аса дәрежеленген құрамы) – ҚК 97–100 баптары.

ҚК 96-бабының 1-бөлігінде қарастырылған *жай* деп аталатын адам өлтіру (адам өлтірудің негізгі құрамы) жеңілдететін мән-жайлары (ҚК 97–100 баптары) да, дәрежеленген белгілері (ҚК 96-бабының 2-бөлігі) де жоқ құқыққа қарсы қасақана қаза келтіруді құрайды. Сот тәжірибесі адам өлтірудің мұндай түріне тұрмыстық қылмыстар, төбелестегі, ұрыстағы адам өлтіру, жаны ашығандықтан, кек пен қызғаныштан, көре алмаушылықтан өлтіру, жәбірленушінің өтініші бойынша өлтіруді жатқызады.

Адам өлтірудің 50 % -дан астамы ҚК 96-бабының 1-бөлігі бойынша сараланатындықтан, адам өлтірудің неғұрлым көп кездесетін түрлеріне толығырақ тоқтап кеткен жөн.

*Төбелестегі адам өлтіру.* Төбелесте кісі өлтіргенде (мұнда ұрыстағы кісі өлтіруді де жатқызуға болады) әдетте жәбірленушіні өлтіруге деген алдын ала жоспарланған ниет болмайды. Мұндағы мақсат әр түрлі болуы мүмкін (қызғаныш, ыза, т.б.). Бірақ төбелестегі кез келген адам өлтіру ҚК 96-бабының 1-бөлігінің қылмыс құрамын құрмайды. Ұрыс немесе төбелес кезіндегі адам өлтіру абайсызда, қажетті қорғаныс шегінен асқанда, сонымен қатар дәрежеленген жағдайларда, мысалы, аса қатыгездікпен жасалған кісі өлтіру, жасалуы мүмкін.

*Қызғаныштан жасалған кісі өлтіру.* С. И. Ожеговтың сөздігінде қызғаныш сөзі біреудің адалдығы мен махабатындағы азапты күмән. Қызғаныштан жасалған адам өлтіру кісі өлтірудің жай құрамын құрайды. Қызғаныштан кісі өлтірудегі жәбірленуші адалдығына күмәнданған тұлға, сонымен қатар кінәліде қызғаныш сезімін оятқан өзге тұлғалар да болуы мүмкін. Негізделмеген (күмәнді немесе жалған ақпарат негізінде) қызғаныштан жасалған кісі өлтіру ҚК 96-бабының 2-бөлігі бойынша сараланбайтынын ескерген жөн. Белгілі жағдайларда (мысалы, жәбірленуші көзіне шөп салған кезде ұсталғанда) қызғаныштан жасалған кісі өлтіру жан күйзелісі жағдайында жасалуы мүмкін (ҚК 98-бабы).

### **Б) Адам өлтіруді ҚК 96-бабының 2-бөлігі бойынша саралау**

ҚК 96-бабының 2-бөлігінде қарастырылған кісі өлтіру неғұрлым қоғамға қауіпті қылмыстарға жатады және оларды жасағаны үшін өмір бойы бас бостандығынан айыруға дейін және өлім жазасы сияқты қатаң жазалау шаралары қарастырылған. Бірқатар жағдайларға орай, заң шығарушы ҚК 96-бабының 2-бөлігінде кісі өлтірудің дәрежеленген түрлерінің толық тізімін анықтайтын он үш тармақты (кейбір тармақтарда бір уақытта бірнеше дәрежеленген белгіні көрсетететінін ескере, барлығы жиырмадан асады) атап өтті. Адам өлтірудің дәрежеленген түрлерін оқу ыңғайлырақ болу үшін адам өлтірудегі жәбірленуші тұлғаны сипаттайтын белгілер және берілген қылмыс құрамы элементтерін келесідей топтарға бөлу қалыптасқан:

1) жәбірленуші тұлғаның ерекшелігіне байланысты – екі немесе одан да көп тұлғаны өлтіру («а» тармағы); – адамның қызметтік іс-әрекетін жүзеге асыруына не кәсіби немесе қоғамдық борышын орындауына байланысты адамды немесе оның жақындарын өлтіру («б» тармағы); – дәрменсіз жағдайда екендігі белгілі адамды, сол сияқты адамды ұрлаумен ұштасқан кісі өлтіру («в» тармағы); – жүкті екендігі белгілі әйелді өлтіру («г» тармағы);

2) объективтік жағы бойынша – аса қатыгездікпен жасалған кісі өлтіру («д» тармағы); – көптеген адамдардың өміріне қауіпті тәсілмен жасалған кісі өлтіру («е» тармағы);

3) субъективтік жағы бойынша – пайда табу мақсатымен, сол сияқты жалданып не қарақшылықпен, қорқытып алушылықпен не бандитизммен ұштасқан кісі өлтіру («з» тармағы); – бұзақылық ниетпен кісі өлтіру («и» тармағы); – басқа қылмысты жасыру немесе оны жасауды жеңілдету мақсатымен жасалған, сол сияқты зорлауға немесе жыныстық қатынас сипатындағы күш қолдану әрекеттерімен ұштасқан кісі өлтіру («л» тармағы); – әлеуметтік, ұлттық, нәсілдік, діни өшпенділік немесе араздық және қанды кек себебі бойынша кісі өлтіру («л» тармағы); – жәбірленушінің мүшелерін немесе тінін пайдалану мақсатымен жасалған кісі өлтіру («м» тармағы);

4) адам өлтіру субъектісі бойынша – адамдар тобы, алдын ала сөз байласу арқылы адамдар обы немесе ұйымдасқан топ жүзеге асырған адам өлтіру («ж» тармағы); – бірнеше рет жасалған адам өлтіру («н» тармағы).

Дәрежеленген жағдайларды былайша бөлу негізінен теориялық сипат алады. Көрсетілген белгілердің біреуінің болуы адам өлтіруді ҚК 96-бабының екінші бөлігі бойынша саралауға негіз болады.

Егерде адам өлтіру ҚК 96-бабының екінші бөлігінде көрсетілген екі немесе одан да көп тармақтары бойынша ауырлататын мән-жай бойынша жасалса, жасалған әрекетке жаза әр тармақ бойынша тағайындалмайтындықтан, барлық тармақ бойынша сараланады.

### **Екі немесе одан да көп адамды өлтіру (ҚК 96-бабының 2-бөлігінің «а» тармағы)**

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2007 жылдың 11 мамырындағы № 1 «Адам өмірі мен денсаулығына қарсы кейбір қылмыстарды саралау туралы» нормативтік қаулысында көрсетілгендей, бірнеше тұлғаны бір уақытта өлтірудің ниетін анықтау ҚК 96-бабының екінші бөлігінің «а» тармағы бойынша адам өлтіруді саралауға негіз болады. Мұндағы кінәлінің

бірнеше тұлғаны өлтірудегі ниеті тікелей де, қасақана да болуы мүмкін. Бұл жағдайларда екі немесе одан да көп адамды өлтіру қысқа уақыт аралығында бір не бірнеше әрекетпен жасалады. Мысалы, егер кінәлі бір ниеттен бірінші өзінің әйелін, содан соң кәмілдесін өлтірсе, бұл ҚК 96-бабының 2-тармағының «н» тармағы бойынша жасалған адам өлтірумен емес, сол норманың «а» тармағы бойынша жасалған әрекет деп сараланады.

Құқық қолданушыларда бір адамды өлтіріп, өзге адамдардың өміріне қастандық жасауды саралағанда қиындықтар туып отыр. Жоғарыда аталған Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сот қаулысының 5-тармағында «кінәлінің екі немесе одан да көп тұлғаны өлтіруге бағытталған ниетінде бірнеше тұлғаның өлімі субъектінің еркінен тыс белгілі жағдайларға байланысты болмай қалса, бір адамды өлтіріп екінші тұлғаны өлтіруге оқталу екі тұлғаның өлімі – аяқталған қылмыс деп есептелмейді. Бұл жағдайда аяқталмаған адам өлтіру бойынша кінәлінің әрекеті ҚК 24-бабының үшінші бөлігі және ҚК 96-бабының екінші бөлігінің «а» тармағы бойынша, ал аяқталған адам өлтіру дәрежеленген белгілердің болу, болмауына байланысты ҚК 96-бабының бірінші және екінші бөліктері бойынша сараланады. Мұндағы кінәлінің бір кезде адам өлтіріп және өзге тұлғаны өлтіруге оқталудағы кінәлінің әрекеттерінің сабақтастығы мұндай саралауда маңызды емес.

Үш немесе одан да көп тұлғаның өміріне қол сұққанда және мұндағы бір тұлға үшін оқталу сатысы болып аяқталғандағы саралау да үлкен мәселе болып отыр. Бұл жағдайда кінәлінің әрекеті ҚК 96-бабының 2-бөлігінің «а» тармағы және ҚК 24-бабының 3-бөлігі, яғни қылмыстық заңнаманың екі бабы бойынша сараланады, бірақ ҚК тек қана 96-бабының 2-бөлігінің «а» тармағымен сараланатын үш тұлғаны өлтіруге қарағанда қоғамдық қауіптілік жағдайы анағұрлым төмен.

Осылайша, адам өлтіргенде немесе адам өлтіруге оқталғанда кінәлінің әрекеті қылмыс жиынтығы ретінде жеке сараланады.

Бірнеше тұлғаны өлтіру ниетімен жасалған екі немесе одан да көп адамдарды өлтіру қылмыстың жиынтығын құрамайды және ҚК 96-бабының екінші тармағының «а» тармағы бойынша сараланады.

Бір адамды өлтіріп, екінші адамды абайсызда өлтірген кінәлі тұлғаның әрекеті қарастырылып отырған қылмыс құрамына жатпайды және қылмыстың жиынтығы ретінде – адам өлтіру және абайсызда кісі өлтіру бойынша саралануы керек.

Бірнеше орындаушының бірнеше тұлғаны өлтіруде ортақ ниеті болып, өзара рөлдерді бөліп алып, өзгеге көмектеспей әр кінәлі тек бір адамды өлтіріп қылмыс жасаса, олардың әр біреуінің әрекетін ҚК 96-бабының екінші бөлігінің «а» тармағы бойынша саралау керек. Екі немесе одан да көп тұлғаны өлтіру әр түрлі уақытта орын алса және кінәлінің бір қылмыстық ниетімен қамтылмаса, кінәлінің әрекетін ҚК 96-бабының 2-бөлігінің «н» тармағы, яғни бірнеше рет жасалған адам өлтіру деп саралауы керек.

Егер бір қылмыс үшін жауапкершілік ҚК 96-бабының сәйкес бөлігімен, екінші қылмыс үшін ҚК 97, 98, 99 немесе 100 баптарымен жауапкершілік көзделсе, екі адамды өлтіру ҚК 96-бабының екінші бөлігінің «а» тармағы

бойынша сараланбайды. Мұндай жағдайларда әр қылмыс қылмыстық заңнаманың тиісті нормасы бойынша сараланады.

Көптеген адамның өміріне қауіпті тәсілмен жасалған екі немесе одан да көп адам өлтіруді ҚК 96-баптың 2-бөлігінің «а» және «е» тармақтары бойынша саралау керек.

ҚК 97–100 баптарында көрсетілген жеңілдететін мән-жайлардағы екі немесе одан да көп адамды өлтіруді саралағанда ҚК 96-бабының 2-бөлігінің «а» тармағы қолданылмайды.

**Қызметтік іс-әрекетін жүзеге асыруына не кәсіби немесе қоғамдық борышын орындауына байланысты адамды немесе оның жақындарын өлтіру (ҚК 96-бабының 2-бөлігінің «б» тармағы)**

Бұл қылмыс түріндегі жәбірленуші қызметтік іс-әрекетін жүзеге асырып жүрген, сонымен қатар кәсіби немесе қоғамдық борышын орындап жүрген азаматтар (лауазымды немесе өзге тұлғалар) бола алады. Адам өлтірудің бұл түрінде кінәлі жәбірленушінің қызметтік іс-әрекетін жүзеге асыруына не кәсіби немесе қоғамдық борышын орындауына не осы қызметі үшін кекке байланысты заңды әрекетіне кедергі жасау мақсатымен әрекет етеді. Мысалы, қылмыс үстінде ұстап алған тұлғаны браконьердің өлтіруі, әшкерелейтін айғақ бергені үшін куәгерді кінәлінің достарының өлтіруі.

ҚК 96-бабының екінші бөлігінің аталған тармағы бойынша адам өлтірген үшін жауапкершілік жәбірленушіні өлтіруге сылтау қашан жасалғанына қарамастан пайда болады. Сонымен қатар, адам өлтіру жәбірленуші өзінің қызметтік, кәсіби немесе қоғамдық борышын орындау кезінде не өзге уақытта жасалғаны маңызды емес.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2007 жылдың 11 мамырындағы № 1 «Адам өмірі мен денсаулығына қарсы кейбір қылмыстарды саралау туралы» нормативтік қаулысында көрсетілгендей, адам өлтіруді ҚК 96-бабының екінші бөлігінің «б» тармағы бойынша саралағанда саралаудың міндетті шарты кінәлінің өзге адамның өміріне қол сұққандағы ниеті болып табылатындықтан өзінің қызметтік, кәсіби немесе қоғамдық борышын орындау кезінде жәбірленуші өзін және жақындарын өлтіретін қандай заңды әрекеттер жасағанын анықтау керек.

Қызметтік іс-әрекетін орындау дегеніміз – қызметтік міндеттер шеберіне кіретін кез келген тұлғаның әрекеті, ал қоғамдық міндетті орындау дегеніміз – өздеріне арнайы жүктелген қоғамдық міндеттерді, сонымен қатар белгілі тұлғалар немесе қоғам мүддесі үшін кез келген әрекетті тұлғаның орындауы (құқық бұзушылықтың алдын алу, билік органдарына жасалған немесе дайындалып жатқан қылмыс туралы хабарлау, полиция қызметкерлерін қылмыс орнына шақыру, қылмыскерді ұстау, адамды қоғамдық қауіпті қол сұғушылықтан қорғау, т.б.). Кәсіби борышты өтеу дегеніміз – белгілі кәсіппен байланысты жасалған тұлғаның әрекеті (мысалы, науқасты дұрыс емдемеген дәрігердің әрекеті, суретшінің нобайларды, портреттерді, карикатураларды бейнелеуі).

ҚК 96-бабының 2-бөлігінің аталған тармағы бойынша саралау үшін жәбірленушінің қызметтік әрекеті заңды негізде жасалғанын анықтау керек. Жәбірленушіні өлтіру оның заңсыз қызметтік әрекеті салдарынан жасалса, бұл ҚК 96-бабының екінші бөлігінің «б» тармағы бойынша сараланбайды. Мысалы,



өзінің қызметтік өкілеттілігін асыра пайдаланған тұлғаны өлтіру (тергеуші жауап алудың заңсыз әдістерін пайдалануы, судья заңсыз сот актісін шығарса, шенеунік өтініш берушінің заңды талаптарынан заңсыз бас тарту).

Қылмыстық заңнама тек қызметтік іс-әрекетін жүзеге асыратындарды не кәсіби немесе қоғамдық борышын орындаушыларды ғана емес, сонымен қатар олардың жақындарын да қорғайды. «Жақындары» термині Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 7-бабының 24-тармағында көрсетілген жақын туыстарын ғана емес, сонымен қатар қызметтік іс-әрекетін жүзеге асыратын не кәсіби немесе қоғамдық борышын орындаушы адамға қымбат өзге де адамдарды (ерлі-зайыптылар, фактілі неке қатынастарында тұратын тұлғалар, қалыңдық пен күйеу жігіт, қамқоршылар, қорғаншылары және қамқорлыққа алынғандары) қамтиды. Мұнда жақындарын өлтіру жәбірленушінің қызметтік немесе кәсіби не қоғамдық қызметінен бас тарту үшін жасалады. Мұнда қылмыстың уәжі осы қызметі үшін кек болуы мүмкін. Әр жағдайда көрсетілген тұлғалардың жақын қарым-қатынастары туралы кінәлінің көрінеу хабардарлығын анықтау керек.

Өзінің қызметтік борышын өтеу кезіндегі полиция қызметкерінің өміріне қол сұғушылық тергеуші немесе анықтаушының алдын ала тергеу кезіндегі қызметіне қарсы болмаса (ҚК 340-бабы), ҚК 96-бабының 2-бөлігі «б» тармағы бойынша сараланады. Қоғамдық тәртіпті сақтау үшін өзін полиция қызметкері етіп таныстырған жәбірленушінің өміріне қол сұғу ҚК 96-бабының 2-бөлігінің «б» тармағы бойынша сараланады.

Оның заңды қызметіне кедергі жасау немесе осы қызметі үшін кек алу мақсатында жасалған сот әділдігін немесе істі алдын ала тергеуші тұлғаның өміріне қол сұғу ҚК 340-бабы бойынша саралануға жатады. Егер аталған тұлғалардың өміріне қол сұғушылық өзге мақсаттарға байланысты және қызметтік міндеттерін орындаумен байланысты болмаса, дәрежеленген белгілердің болуына байланысты ҚК 96-бабының екінші бөлігінің тиісті тармақтарына бойынша сараланады.

Қоғамдық тәртіпті сақтау мақсатында өзін сот әділдігін немесе істі тергеуді жүргізетін тұлғамын деп таныстырған, бірақ фактілі түрде ондай қызметті жүзеге асырмайтын тұлғаны өлтіруді ҚК 96-бабының 2-бөлігінің «б» тармағы бойынша сараланады.

Қоғамнан оқшаулауды қамтамасыз ететін мекеменің қызметкеріне не оның жұбайының (зайыбының) немесе жақын туыстарының өміріне оның қызметтік жұмысын жүзеге асыруына байланысты, сондай-ақ сотталған адамға қатысты оның түзелуіне кедергі жасау немесе оның мекеме өкімшілігіне жәрдемдескені үшін кек алу мақсатында қол сұғу немесе жаппай төртіпсіздікке қатысушы өлтірсе, ҚК баптарымен (361 және 241 баптары) қамтылмайды, сондықтан олар ҚК 96-бабының сәйкес бөлігі бойынша жеке дара саралану тиіс.

**Дәрменсіз жағдайда екендігі айыпкерге белгілі адамды, сол сияқты адамды ұрлаумен ұштасқан кісі өлтіру (ҚК 96-бабының 2-бөлігінің «в» тармағы)**

Дәрменсіз жағдайда екендігі айыпкерге белгілі адамды, сол сияқты адамды ұрлаумен ұштасқан кісі өлтірдің өсу жағдайы заң шығарушы-

ның адам өлтірудің дәрежеленген мән-жайлары санына қосуына негіз болды.

Адамның дәрменсіз күйі дегеніміз – жәбірленуші өзінің психикалық немесе физикалық жағдайына (жас балалық шақ, көрілік, ауру, физикалық кемшіліктер: керендік, соқырлық, қолдың, аяқтың болмауы) байланысты қылмыскерге нәтижелі қарсылық көрсете және өзіне қатысты қылмыстық қол сұғушылықтан өзін қорғай алмауы. Нақтырақ айтқанда, мұндай тұлғаларға жас балалар, қарттар, ауыр сырқат адамдар, жағдайды дұрыс түсіну мүмкіндігінен айырылған психикасы бұзылған адамдар жатады. Адам өлтірудің мұндай түріне ұйқы жағдайы, маскүнемдік пен есірткі масандығы, сонымен қатар әр түрлі жағдайға байланысты есінен тану жағдайы жатады. Сонымен қатар, жәбірленушінің дәрменсіз күйі кінәліге белгілі болу керек.

Адам өлтіруді ҚК 96-бабының екінші бөлігінің «в» тармағы бойынша саралау үшін кінәлі жәбірленушіні өлтіретін әрекет жасаған сәтте жәбірленуші дәрменсіз жағдайда болуы керек. Мұндағы жәбірленушінің дәрменсіз күйге өзінің түскені (далада құлағаннан мертiгу, ішімдік немесе есірткі заттарын қолдану, т.б.) немесе өзге тұлғалардың әрекетінен түскенінің маңызы жоқ.

Кінәлінің жәбірленушіге дәрменсіз күйге түсіру мақсатында және өлтіру ниетін орындауды жеңілдету үшін жасалған әрекеті (ұйықтататын, ішімдік немесе есірткі заттарын беру, есін тандыратын соққы келтіру, дене жарақаттарын салу) аталған қылмыстың объективті жағының бір бөлігі болып табылады және ҚК өзге баптары (ҚК 259-бабы, 103–105 баптары) бойынша қосымша саралауды қажет етпейді.

Ұрланған адам да дәрменсіз күйде болады. Сондықтан олардың өлімі үшін жауапкершілік ҚК 96-бабының екінші бөлігінің аталған тармағымен қарастырылған.

ҚК 96-бабының 2-бөлігінің қарастырылып отырған тармағы жәбірленуші ұрлау кезінде әлде белгілі уақыт өткеннен кейін өмірінен айырылғанына қарамастан қолданылады. ҚК 96-бабының 2-бөлігінің «в» тармағы тек ұрланған адамды ғана емес, сонымен қатар ұрлаумен байланысты өзге тұлғаларды да өлтіруге қатысты қолданылады. Мысалы, адамды ұрлауға қарсылық білдірген тұлғаны өлтіру, адамды ұрлауды жасыру үшін өзге адамға құқыққа қарсы қасақана қаза келтіру немесе ұрланған адамды босату бойынша қызметтік әрекетін немесе кәсіби не қоғамдық борышын өтеген адам өлтіру, т.б. Бұл жағдайда адамды ұрлау және адам өлтіру қылмыстың жиынтығын құрайды және әр қылмыс ҚК 125-бабының сәйкес бөліктері және ҚК 96-бабының 2-бөлігінің «в» тармағы бойынша жеке дара сараланады. Адамды кепілге алғанда немесе оны ұстағанда жасалған өлтіру де қылмыстың жиынтығын құрайды және әр қылмыстың дәрежеленген белгілері көрсетіле отыра ҚК 234-бабы және 96-бабымен сараланады.

Адамды ұрлаумен немесе адамды кепілге алумен ұштасқан кісі өлтіруді саралағанда ҚК 96-бабының 2-бөлігінің «в» тармағы тек ұрланған немесе кепілдегі адамды өлтіргенде ғана емес, адамды ұрлаумен немесе кепілге алумен байланысты өзге тұлғаларды өлтіргенде де қолданылады (мысалы, адамды ұрлауға не кепілге алуға қарсылық білдірген тұлғаны өлтіру, адамды ұрлауды немесе кепілге алуды жасыру үшін өзге адамға құқыққа қарсы